

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 "Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 337 қаулысы
Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 "Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28361 тіркелген) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Б.Х.Нарымбетовке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев

қаулысына 1-қосымша
Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
23 мамырдағы № 91
қаулысына 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

| Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері | | | | | | |
|---|--|---|---|---|--|---|
| Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге) | | | | | | |
| | 10,5 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар | 9 сағаттық болу режимі бар топтар, оның ішінде шағын орталықтар | Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, к а н т диабетімен ауыратын, әлсіреген және жиі ауыратын балалар тобында 10,5 | 10,5 сағаттық режимі бар түзету түріндегі топта | | Толық емес күн болатын топта, жалпы білім беретін мектеп жанындағы мектепалды |

| | | | | | | |
|------------|----------------------|--------|--------|--------------------------|--------|-------------------|
| Елді мекен | Тәрбиеленушілер саны | | | сағаттық болу режимі бар | | даярлық сыныбында |
| қала | 21 907 | 53 878 | 49 553 | 80 971 | 97 475 | 23 704 |
| ауыл | 11 901 | 60 119 | 55 100 | - | - | 26 477 |

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің қаулысына
2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

| № | Аймақтың атауы | Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге) | | | | |
|----|--------------------|--|--|---|---|--|
| | | Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері | | | | |
| | | Тәрбиеленушілер саны | Балабақша / бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Балалар жарты күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап) | Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін/3 жастан бастап) |
| 1 | Ақжайық ауданы | 956 | 11500/12000 | 9000/9500 | - | 14500/15000 |
| 2 | Бәйтерек ауданы | 2008 | 14833/18595 | 14833/18595 | -/9894 | 30371/34183 |
| 3 | Бөкейордасы ауданы | 573 | 12800/13000 | - | - | - |
| 4 | Бөрлі ауданы | 592 | 14000/15000 | - | - | - |
| 5 | Жаңақала ауданы | 1033 | 10500/13650 | 10500/- | - | 14000/- |
| 6 | Жәнібек ауданы | 668 | 11100/14100 | - | - | - |
| 7 | Казталов ауданы | 1376 | 14800/16500 | 8500/9000 | - | 4800/5000 |
| 8 | Қаратөбе ауданы | 670 | 13000/16000 | - | - | 16280/21560 |
| 9 | Сырым ауданы | 799 | 12772/15166 | - | - | 15200/16000 |
| 10 | Тасқала ауданы | 697 | 14300/17640 | - | - | 16000/18000 |
| 11 | Теректі ауданы | 1947 | 12156/17993 | - | - | 16000/16000 |
| 12 | Шыңғырлау ауданы | 582 | 14384/17217 | - | - | - |
| 13 | Орал қаласы | 19177 | 17000/19000 | -/18000 | - | 35000/40000 |
| 14 | Ақсай қаласы | 2730 | 19000/20000 | - | - | 40000/45000 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК